

Қазақстан Республикасы
экология және табиғи
ресурстар министрлігі
«Қазгидромет» РМҚ

**2023 жылғы сәуір айына
АУА РАЙЫН БОЛЖАУ БЮЛЛЕТЕНІ**



АСТАНА 2023

Мазмұны

Алғы сөз.....	4
Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес сәуір айының қысқаша климаттық сипаттамасы	5
Сәуір айында Қазақстан аумағы бойынша ауаның орташа айлық температурасының және жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәндері (1981-2010 жж. нормасы).....	7
2023 жылдың сәуір айында күтілетін орташа айлық температурасының мөлшерден ауытқуы.....	8
Сәуір айында көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма)	8
2023 жылдың сәуір айында күтілетін жауын-шашынның мөлшерінің нормадан ауытқуы	9
Сәуір айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма)	9
2023 жылы Қазақстан аймақтары бойынша сәуір айында күтілетін орташа ауа температурасы	10
Ауа райының облыстар бойынша графигі	11
2023 жылдың сәуір айына облыстар бойынша консультативтік ауа райы болжамы	13
Алматы облысы	13
Жамбыл облысы	14
Түркістан облысы	15
Қызылорда облысы	16
Атырау облысы	17
Маңғыстау облысы.....	18
Батыс Қазақстан облысы	19
Ақтөбе облысы	20
Қостанай облысы	21
Солтүстік Қазақстан облысы	22
Ақмола облысы	23
Павлодар облысы	24
Қарағанды облысы	25
Шығыс Қазақстан облысы	26

АЛҒЫ СӨЗ

Жарияланып отырған айлық ауа райы болжамы мыналарды қамтиды:

- ✓ көпжылдық мәліметтер бойынша айдың қысқаша климаттық сипаттамасы (барлық бақылау кезеңінде)
- ✓ республиканың облыстары бойынша ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің орташа көпжылдық мәндерден ауытқуының қысқаша сипаттамасы;
- ✓ суықтың (жылудың) ең маңызды толқындары, жауын-шашынды мерзімдер және ауа райының атмосфералық құбылыстары көрсетілген ауа райының өзгеру графиктері;
- ✓ республиканың әр облыстары бойынша ауа райы болжамының мәтіні;
- ✓ орташа айлық ауа температурасының орташа көпжылдық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ ауаның көпжылдық орташа айлық температурасының кеңістіктік таралуының картасы (30 жылдық норма);
- ✓ айлық жауын-шашынның мөлшері орташа көпжылдық айлық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ жауын-шашынның айлық мөлшерінің көпжылдық мәндерінің картасы (30 жылдық норма).

Болжам мәтінінде облыстар аумағындағы орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің шеткі мәндері келтірілген.

Айлық ауа райын консультативтік кеңес ретінде пайдалану керек. Айлық ауа райын пайдаланған кезде, кейде ауа райының жүріс бағыты 3-тен 5 тәулікке дейін жылжуы, сонымен қатар айтылған ауа райы құбылыстарының қарқыны біршама ауытқуы ($\pm 5^{\circ}\text{C}$) мүмкін екеніне ескеру қажет. Айлық ауа райы болжамдары 30-31, 10, 20 күндері онкүндік болжамдар арқылы нақтыланып отырады.

Ауа райының айлық болжауын шығару мен оны анықтауға байланысты барлық мәселелер бойынша Гидрометорталықтың мына мекен-жайы бойынша хабарласуыңызды өтінеміз: 010000, Астана қ. Мәңгілік Ел көшесі 11/1.

Гидрометорталықтың директоры және редактор
М. Шмидт, тел. (7172) 79-83-87.

Ауа райын ұзақ мерзімге болжау басқармасының бастығы
Ж.Исабекова, тел. (7172) 79-83-95.

Құрастырған АРҰМББ жетекші инженер-синоптик:
Васюкова О, тел. (7172) 79-83-95.

Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес сәуір айының қысқаша климаттық сипаттамасы

Сәуір Қазақстанның барлық жерінде көктемнің нағыз басталатын уақыты. Сәуір айында күн тез ұзарып, көкжиектен жоғары көтерілген күн жер бетіне жылуды одан әрі таратады.

Ауаның орташа айлық температурасы наурызбен салыстырғанда, сәуір айында республиканың көптеген аймақтарында $11-14^{\circ}$, оңтүстік аудандарында $7-10^{\circ}$ және шығысындағы тауларда 5° жоғары болады. Ауаның орташа айлық температурасы барлық жерде (Қазақстанның шығысы мен оңтүстік-шығысындағы таулы аудандардан басқа) оң шамада болады және солтүстік облыстарда $1-5^{\circ}$, қиыр оңтүстікте $9-16^{\circ}$ -қа дейін өзгеріп отырады.

Өте суық жылдары орташа айлық температурасы Қазақстанның солтүстік бөлігінде $-4-6^{\circ}$ -қа дейін, ал оңтүстігінде $+6-11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі мүмкін. Абсолюттік минимум солтүстік және шығыс облыстарында $-25-30^{\circ}\text{C}$, республиканың қиыр оңтүстігінде $6-10^{\circ}\text{C}$ дейін жетуі мүмкін.

Өте жылы жылдары ауаның орташа айлық температурасы солтүстікте $+8-10^{\circ}\text{C}$ және республиканың оңтүстігінде $+18-22^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы мүмкін. Бұл жылдары абсолюттік максимум $+29-34^{\circ}\text{C}$, ал оңтүстікте $+35-39^{\circ}\text{C}$ жылыға дейін жетеді. Солтүстікте $+25^{\circ}\text{C}$ градустан жоғары ауаның температурасы 10 жылда 2-3 рет қайталанады, республиканың оңтүстігінде $+30^{\circ}\text{C}$ градустан жоғары температура 10 жылда 5-6 рет байқалады.

Ауаның орташа тәуліктік температурасы 0° арқылы оң мәндерге тұрақты өтуі республиканың солтүстігінде сәуірдің бірінші онкүндігінде болады, ал үшінші онкүндікте ол $+5^{\circ}\text{C}$ -тан өтеді. Бірінші онкүндікте Қазақстанның оңтүстігінде ауаның орташа тәуліктік температурасының $+10^{\circ}\text{C}$ арқылы өтуі болады. Кейбір жылдары бұл мерзімдерге өтуге 2-3 аптаға дейін ауытқулар болуы мүмкін.

Наурызға қарағанда, бұл айда жауын-шашынның мөлшері көбейеді. Республиканың көптеген бөлігінде 15-30 мм, шығыс облыстарының кейбір жерлерінде 50-90 мм, оңтүстік пен оңтүстік-шығысындағы тау беткейлі және таулы аймақтарында 100-150 мм дейін жауады. Шөлді аудандар мен ірі суаттардың жағалық аймақтарында жауын-шашын аз (6-13 мм) түседі. Кейбір жылдары жауын-шашынның мөлшері өте аз мөлшерден 4-5 есе көп шамаға дейін ауытқуы мүмкін. Жауын-шашынның ең көп мөлшері солтүстікте 50-85 мм, оңтүстік пен оңтүстік-шығыстың таулы және тау беткейлі аудандарында 200-250 мм дейін жетеді.

Жауын-шашынның тәуліктік мөлшері 20-30 мм, тау беткейлі және таулы аудандарда 40-60 мм дейін жетеді, ал 100-ден асатын мөлшер (Ванновкада 1932 жылы 122 мм) өте сирек кездеседі. Жауын-шашынды күндердің саны орташа есеппен солтүстік облыстарда 6-8, оңтүстік аудандарда 4-5, оңтүстік пен оңтүстік-шығыстың тау беткейлі және таулы аймақтарында 10-12 күн және одан көп болады. Кейбір жылдары олардың

саны 2-3 есе көп болады. Солтүстік облыстарда және таулы аймақтарда қарлы күндер саны 3-4, ал кей жылдары айына 12-14 күнге дейін жетуі мүмкін. Қазақстанның оңтүстігінде сәуірде қар жаууы мүмкін, бірақ сирек. Орта есеппен алғанда 10 жылда 1-4 рет, ал кейбір жылдары айына 1-3 ретке дейін жаууы мүмкін.

Қазақстанның барлық аймақтарында күн күркіреуі мүмкін, бірақ солтүстік облыстарда күн 10 жылда 2-4 рет күркіреді. Оңтүстік облыстарда күн жыл сайын дерлік және орта есеппен 2-4 рет, ал кейбір жылдары 7-9 ретке дейін жетеді.

Тұман көбінесе Қазақстанның солтүстік бөлігінде байқалады, онда тұманды күндер саны орта есеппен 2-5-ке жетіп, оңтүстікке қарай олардың қайталануы сирейді. Сәуір айында бұрқасын сирек құбылыс, бірақ кейбір жылдары Қазақстанның солтүстігінде боранды күндер саны айына 5-7 рет болады. Сәуір наурыз айымен салыстырғанда қатты желді күндердің саны азаяды және орта есеппен 3-7 рет байқалады, ең көп саны айына 5-10, кей жерлерде 15-18-ге дейін жетеді.


Сәуір айында Қазақстан аумағы бойынша ауаның орташа айлық температурасының және жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәндері (1991-2020 жж. нормасы)

Облыс	Ауа температурасы, °С	Жауын-шашынның мөлшері, мм
Батыс Қазақстан	+7,4...+10,8	20...25
Атырау	+10,2...+11,8	16...21
Манғыстау	+11,4...+13,7	14...21
Ақтөбе	+5,5...+11,0	15...32
Қостанай	+4,1...+8,7	12...27
Солтүстік Қазақстан	+4,2...+5,6	19...30
Ақмола	+3,6...+6,5	17...28
Павлодар	+5,2...+7,2	15...25
Ұлытау	+7,4...+10,9	13...20
Қарағанды	+5,1...+10,9	8...30
Абай	+5,2...+10,7	14...34
Шығыс Қазақстан	-0,6...+9,2	17...60
Қызылорда	+11,8...+14,7	11...22
Түркістан	+6,0...+16,0	17...123
Жамбыл	+9,4...+13,2	15...69
Алматы	-1,0...+13,3	11...157
Жетісу	+6,5...+13,8	7...91


2023 жылдың сәуір айында күтілетін ауа температурасының орташа айлық температурасының мөлшерден ауытқуы

Сәуір айында ауаның орташа айлық температурасы Қазақстан Республикасы аумағының басым бөлігінде *нормадан 1° жоғары* болады деп күтіледі, Батыс Қазақстан, Атырау облыстарында, Ақтөбе облысының басым бөлігінде, Маңғыстау және Қостанай облыстарының солтүстік-шығысында *норма шамасында* күтіледі.

2023 жылдың сәуір айында күтілетін орташа ауа температурасының нормадан ауытқуы




Сәуір айындағы орташа айлық ауа температурасы (норма 1991-2020 жж.)




2023 жылдың сәуір айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің ауытқуы

Сәуір айында жауын-шашын мөлшері республиканың басым бөлігінде *норма шамасында* күтіледі, Түркістан, Жамбыл, Жетісу облыстарының басым бөлігінде, Алматы облысының солтүстік жартысында, Қарағанды облысының оңтүстік жартысында, Ақтөбе облысының солтүстігінде, Қостанай облысының қиыр батысында, Ұлытау, Қызылорда облыстарының оңтүстік-шығысында, Абай облысының оңтүстік-батысында *нормадан аз* болжануда.

2023 жылдың сәуір айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің нормадан ауытқуы




Сәуір айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма 1991-2020 жж.)




Қазақстанның облыстары бойынша 2023 жылғы сәуір арналған ауа райы кестесі


Батыс Қазақстан облысы




Атырау облысы




Манғыстау облысы




Ақтөбе облысы




Қостанай облысы




Солтүстік Қазақстан облысы




Ақмола облысы




Павлодар облысы




Ұлытау облысы




Қарағанды облысы




Абай облысы




Шығыс Қазақстан облысы




Түркістан облысы




Қызылорда облысы




Жамбыл облысы



Алматы облысы



Жетісу облысы



Шартты белгілер:

- | | | | | | |
|--|--|--|--------------------------|--|--------|
| | кей жерлерде жауын-шашын | | қар | | бұршақ |
| | аздаған жауын-шашын | | нөсерлі қар | | дауыл |
| | қар аралас жаңбыр | | жаңбыр | | |
| | ығғалды нөсерлі | | найзағай | | |
| | нөсерлі жаңбыр | | Кей жерлерде | | |
| | шанды дауыл | | желдің 15-20 м/с күшейуі | | |
| | көк тайғақ | | | | |
| | тұман | | | | |
| | бұрқасын | | | | |
| | көпжылдық орташа тәуліктік ауа температурасының барысы | | | | |
| | түнгі ауа температурасының барысы | | | | |
| | күндізгі ауа температурасының барысы | | | | |
| | ауаның орташа тәуліктік температурасының барысы | | | | |

Қазақстан облыстары бойынша 2023 жылғы сәуір айына консультативтік ауа-райы болжамы

Батыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+8,0+11,3^{\circ}\text{C}$, бұл *норма шамасында* (норма: $+7,4+10,8^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $-3-8^{\circ}\text{C}$ -тан $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+2+7^{\circ}\text{C}$, облыстың батысында $+10^{\circ}\text{C}$ -тан $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* $-2+3^{\circ}\text{C}$ -тан $+3+8$ -қа дейін, *күндіз* $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+13+18^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқиды. Содан кейін ауа температурасы *түнде* $+6+11^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы төмендейді.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $+1+6^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+9+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі қарай төмендеуі болжанады. Одан кейін ауа температурасының *түнде* $+12+17^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде $+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+20+25^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* болады деп күтілуде (норма: 20-25 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің ортасында, жаңбыр бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің екінші жартысында және үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Тұман айдың басында болуы мүмкін. Найзағай айдың ортасында болжанады. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің соңында және айдың екінші жартысында күтіледі.



Атырау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+10,9+12,5^{\circ}\text{C}$, бұл норма шамасында (норма: $+10,2+11,8^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-3-8^{\circ}\text{C}$ -тан $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+6+11^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстік-шығысында $+3^{\circ}\text{C}$ -тан $+15+20^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстік-шығысында $+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$, күндіз $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасы түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$ -тан $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+10+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқиды. Одан кейін ауа температурасы түнде $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+16+21^{\circ}\text{C}$, облыстың батысында $+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды. Онкүндіктің соңында ауа температурасы дейін төмендейді.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+1+6^{\circ}\text{C}$, күндіз $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін әрі қарай төмендейді. Одан кейін ауа температурасының түнде $+12+17^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстік-шығысында $+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында деп күтілуде (норма: 16-21 мм).

Жаңбыр, желдің 15-20 м/с күшеюі айдың бірінші және екінші онкүндіктерінде күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің ортасында болжанады. Найзағай екінші онкүндіктің соңында күтіледі. Шанды дауыл бірінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің ортасында болжанады.



Маңғыстау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+12,7+14,9^{\circ}\text{C}$, бұл облыстың басым бөлігінде *нормадан 1° жоғары*, облыстың солтүстік-батысында *норма шамасында* (норма: $+11,4+13,7^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде $0,-5^{\circ}\text{C}$ -тан $+6+11^{\circ}\text{C}$* , облыстың шығысында $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз $+6+11^{\circ}\text{C}$ -тан, $+18+23^{\circ}\text{C}$* , облыстың шығысында $+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасы *түнде $+1+6^{\circ}\text{C}$* , *күндіз $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа* дейін төмендейді. Онкүндіктің екінші жартысында *түнде $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа* дейін, *күндіз $+15+20^{\circ}\text{C}$* , облыстың солтүстік-шығысында $+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы *түнде $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа* дейін, *күндіз $+20+25^{\circ}\text{C}$* , облыстың солтүстік-батысында $+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* деп күтілуде (норма: 14-21 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) айдың ең басында, жаңбыр, желдің 15-20 м/с күшеюі жиі ай бойы күтіледі. Найзағай екінші онкүндіктің басында болжанады. Шанды дауыл бірінші және екінші онкүндіктердің соңында болжанады.



Ақтөбе облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+6,4+12,1^{\circ}\text{C}$, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың оңтүстік-шығысында *нормадан 1° жоғары* (норма: $+5,5+11,0^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде $-7-12^{\circ}\text{C}$* , облыстың солтүстігінде $+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз $-1-6^{\circ}\text{C}$ -тан $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа* дейін, облыстың оңтүстігінде $+4^{\circ}\text{C}$ -тан $+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасы *түнде $+4+9^{\circ}\text{C}$ -тан $-1+4^{\circ}\text{C}$* , облыстың солтүстігінде -4°C -қа дейін, *күндіз $+10+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа* дейін, облыстың оңтүстігінде $+20^{\circ}\text{C}$ -тан $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді. Онкүндіктің екінші жартысында *түнде $+5+10^{\circ}\text{C}$* , *күндіз $+19+24^{\circ}\text{C}$ -қа* дейін жоғарылайды.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасы *түнде $+2+7^{\circ}\text{C}$* , *күндіз $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа* дейін төмендейді. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасы *түнде $+7+12^{\circ}\text{C}$* , *күндіз $+19+24^{\circ}\text{C}$ -қа* дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың солтүстігінде *нормадан аз* деп күтілуде (норма: 15-32 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) көктайғақ бірінші онкүндіктің басында, жаңбыр, желдің 15-20 м/с күшеюі жиі ай бойы күтіледі. Найзағай айдың ортасында және соңында болжанады. Тұман бірінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Шанды дауыл үшінші онкүндіктің ортасында болжанады.



Қостанай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+5,2+9,8^{\circ}\text{C}$, бұл облыстың басым бөлігінде *нормадан 1° жоғары*, облыстың қиыр солтүстік-батысында *норма шамасында* (норма: $+4,1+8,7^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $-8-13^{\circ}\text{C}$ -тан $-1+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде -17°C -тан $+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-3+2^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде $+5^{\circ}\text{C}$ -тан $+7+12^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды.

Екінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* $+9+14^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* $-1+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+7+12^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* $+7+12^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде $+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+15+20^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың қиыр батысында *нормадан аз* деп күтілуде (норма: 12-27 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің ортасында, жаңбыр жиі екінші және үшінші онкүндікте күтіледі. Найзағай екінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндіктің басында болжанады. Желдің 15-20 м/с күшеюі жиі ай бойы күтіледі.



Солтүстік Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+5,3+6,8^{\circ}\text{C}$, бұл нормадан 1° жоғары (норма $+4,2+5,6^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-10-15^{\circ}\text{C}$ -тан $-1+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-1+4^{\circ}\text{C}$ -тан $+9+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $-1-6^{\circ}\text{C}$, күндіз $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді. Содан кейін ауа температурасы түнде $+6+11^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде $+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+16+21^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы деп күтілуде.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-4+1^{\circ}\text{C}$, күндіз $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында түнде $+6+11^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде $+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+16+21^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында болады (норма: 19-30 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында, жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Найзағай үшінші онкүндіктің басында болжанады. Тұман бірінші онкүндіктің басында және соңында болуы мүмкін. Желдің 15-20 м/с күшеюі жиі бір ай бойы болжанады.



Ақмола облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+4,8+7,7^{\circ}\text{C}$, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $+3,6+6,5^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-11-16^{\circ}\text{C}$ -тан $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде -21°C -тан $+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-2+3^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде -7°C -тан $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-2+3^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+6^{\circ}\text{C}$ -тан $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+12+17^{\circ}\text{C}$ -тан $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқиды. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде $+6+11^{\circ}\text{C}$, күндіз $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа жоғарылайды деп болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-4+1^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде -7°C -қа дейін, күндіз $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін әрі қарай төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+13+18^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде $+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтіледі (норма: 17-28 мм).

Жаңбыр жиі екінші онкүндікте, үшінші онкүндіктің басында, жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) үшінші онкүндіктің екінші жартысында күтіледі. Көктайғақ бірінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Найзағай үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші онкүндіктің ортасында болжанады. Желдің 15-20 м/с күшеюі жиі екінші және үшінші онкүндіктерде күтіледі.



Павлодар облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+6,5+8,5^{\circ}\text{C}$, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $+5,2+7,2^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-12-17^{\circ}\text{C}$ -тан $-3-8^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде 0°C -қа дейін, күндіз $-2-7^{\circ}\text{C}$ -тан $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+2+7^{\circ}\text{C}$, күндіз $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде түнде $+10^{\circ}\text{C}$, күндіз $+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды. Одан кейін ауа температурасы түнде $-4+1^{\circ}\text{C}$, күндіз $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа төмендейді деп болжанады. Онкүндіктің екінші жартысында түнде $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+18+23^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+18+23^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+28^{\circ}\text{C}$ -тан $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін әрі қарай төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде $+3+8^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде 0°C -қа дейін, күндіз $+13+18^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтіледі (норма: 15-25 мм).

Қар айдың ең басында күтіледі. Жаңбыр, желдің 15-20 м/с күшеюі жиі екінші және үшінші онкүндіктерде болжанады. Найзағай үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің басында болжанады.



Ұлытау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+8,8+12,2^{\circ}\text{C}$, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $+7,4+10,9^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-8-13^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде -16°C -тан $+5+10^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-3-8^{\circ}\text{C}$ -тан $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+3^{\circ}\text{C}$ -тан $+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+17+22^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+27^{\circ}\text{C}$ -тан $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+7+12^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+20+25^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+28^{\circ}\text{C}$ -тан $+15+20^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде $+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқиды.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында, облыстың оңтүстік-шығысында нормадан аз күтіледі (норма: 13-20 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Жаңбыр, желдің 15-20 м/с күшеюі екінші онкүндіктің бірінші жартысында және жиі үшінші онкүндікте болжанады. Шанды дауыл бірінші онкүндіктің соңында, тұман екінші онкүндіктің соңында, найзағай үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі.



Қарағанды облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+6,4+10,9^{\circ}\text{C}$, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $+5,1+10,9^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-12-17^{\circ}\text{C}$ -тан $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-2-7^{\circ}\text{C}$ -тан $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде түнде -21°C -тан $+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз -10°C -тан $+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасы түнде $0,-5^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+13+18^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде $+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+5+10^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды. Одан кейін ауа температурасының түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+13+18^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде $+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $+5+10^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде 0°C -қа дейін, күндіз $+18+23^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстік-шығысында $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында, облыстың оңтүстік жартысында нормадан аз күтіледі (норма: 8-30 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндікте күтіледі, жаңбыр жиі екінші онкүндікте және үшінші онкүндіктің басында болжанады. Тұман бірінші онкүндіктің соңында, найзағай, шаңды дауыл үшінші онкүндіктің басында болуы мүмкін. Желдің 15-20 м/с күшеюі екінші онкүндіктің ортасында, жиі үшінші онкүндікте күтіледі.



Абай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+6,6+12,2^{\circ}\text{C}$, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $+5,2+10,7^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-12-17^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде -22°C -тан $-3+2^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-4-9^{\circ}\text{C}$ -тан $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+1^{\circ}\text{C}$ -тан $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+11+16^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Одан кейін ауа температурасының түнде $+2+7^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстік-шығысына -3°C -қа дейін, күндіз $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде $+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+11+16^{\circ}\text{C}$, күндіз $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде түнде $+19^{\circ}\text{C}$, күндіз $+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін әрі қарай жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $+1+6^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстік-шығысында -4°C -қа дейін, күндіз $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында, оңтүстік-батысында нормадан аз күтіледі (норма: 14-34 мм).

Жаңбыр екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің екінші жартысында күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, найзағай үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. Желдің 15-20 м/с күшеюі бір ай ішінде жиі күтіледі. Шанды дауыл үшінші онкүндіктің басында болуы мүмкін.



ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Ауаның орташа айлық температурасы $+0,9+10,7^{\circ}\text{C}$, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $-0,6+9,2^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-11-16^{\circ}\text{C}$ -тан $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-1-6^{\circ}\text{C}$ -тан $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде -23°C -тан -6°C -қа дейін, күндіз -11°C -тан $+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+4+9^{\circ}\text{C}$, күндіз $+14+19^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде -1°C , күндіз $+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Одан кейін ауа температурасының түнде $-2+3^{\circ}\text{C}$, күндіз $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде -7°C , күндіз $+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+10+15^{\circ}\text{C}$, облыстың таулы аудандарында $+5^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+18+23^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$, облыстың таулы аудандарында -5°C -қа дейін, күндіз $+8+13^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында күтіледі (норма: 17-60 мм).

Қар, жаяу бұрқасын айдың ең басында күтіледі, жаңбыр екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің екінші жартысында болжанады. Тұман бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, найзағай үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. Желдің 15-20 м/с күшеюі бір ай ішінде жиі күтіледі.



Қызылорда облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+13,0+16,2^{\circ}\text{C}$, бұл облыстың басым бөлігінде *нормадан 1°C -қа жоғары* (норма: $+11,8+14,7^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде $-2-7^{\circ}\text{C}$ -тан $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа*, облыстың оңтүстігінде $+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды. Содан кейін ауа температурасы *түнде $-2+3^{\circ}\text{C}$, күндіз $+10+15^{\circ}\text{C}$* , облыстың оңтүстікте $+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде $+9+14^{\circ}\text{C}$, күндіз $+21+26^{\circ}\text{C}$* , облыстың оңтүстігінде $+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде $+2+7^{\circ}\text{C}$, күндіз $+14+19^{\circ}\text{C}$* , облыстың солтүстігінде $+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы жоғарылайды.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы *түнде $+12+17^{\circ}\text{C}$, күндіз $+23+28^{\circ}\text{C}$* , облыстың оңтүстігінде *түнде $+22^{\circ}\text{C}$, күндіз $+33^{\circ}\text{C}$ -қа* дейін жоғарылайды. Содан кейін ауа температурасы *түнде $+4+9^{\circ}\text{C}$, күндіз $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа* дейін төмендейді. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде $+9+14^{\circ}\text{C}$, күндіз $+22+27^{\circ}\text{C}$* , облыстың оңтүстігінде $+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың оңтүстік-шығысында *нормадан аз* күтіледі (норма: 11-22 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндіктің ортасында, жиі екінші онкүндікте және үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің ортасында, найзағай екінші онкүндіктің ортасында және үшінші онкүндікте болжанады. Желдің 15-20 м/с күшеюі бір ай ішінде жиі күтіледі.



Түркістан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+7,5+17,5^{\circ}\text{C}$, бұл нормадан 1°C жоғары (норма: $+6,0+16,0^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде -6°C -тан $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде -12°C -қа дейін, күндіз $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде -1°C -тан $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде -25°C -қа жоғарлауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+9+14^{\circ}\text{C}$, күндіз $+23+28^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде түнде $+18^{\circ}\text{C}$, күндіз $+25^{\circ}\text{C}$ дейін әрі қарай жоғарылауы күтілуде. Одан кейін ауа температурасы түнде $+4+9^{\circ}\text{C}$, күндіз $+18+23^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде түнде $+1^{\circ}\text{C}$, күндіз $+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді. Онкүндіктің соңында ауа температурасы жоғарылайды.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+12+17^{\circ}\text{C}$, күндіз $+26+31^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде түнде $+20^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+36^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Одан кейін ауа температурасы түнде $-2-7^{\circ}\text{C}$, күндіз $+16+21^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде түнде $+10^{\circ}\text{C}$, күндіз $+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде $+7+12^{\circ}\text{C}$, күндіз $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, оңтүстікте түнде $+16^{\circ}\text{C}$, күнде $+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормадан аз, ал облыстың солтүстік-батысында және оңтүстік-шығысында норма шамасында күтіледі (норма: 17-123 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) айдын ең басында, жаңбыр, найзағай әр онкүндіктің ортасында күтіледі. Желдің 15-20 м/с күшеюі бір ай ішінде жиі күтіледі. Шанды дауыл үшінші онкүндіктің ортасында болжанады.



Жамбыл облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+10,9+14,7^{\circ}\text{C}$, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $+9,4+13,2^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде $-7-12^{\circ}\text{C}$, облыстың таулы аудандарында -15°C -тан $+2+7^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-2+3^{\circ}\text{C}$ -тан $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+6^{\circ}\text{C}$ -тан $+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарлауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+10+15^{\circ}\text{C}$, күндіз $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде түнде $+20^{\circ}\text{C}$, күндіз $+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін әрі қарай жоғарылауы күтілуде. Одан кейін ауа температурасы түнде $+3+8^{\circ}\text{C}$, күндіз $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді. Онкүндіктің соңында ауа температурасы жоғарылайды.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+12+17^{\circ}\text{C}$, күндіз $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде түнде $+20^{\circ}\text{C}$, күндіз $+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Одан кейін ауа температурасы түнде $+3+8^{\circ}\text{C}$, күндіз $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормадан аз, ал облыстың оңтүстігінде норма шамасында күтіледі (норма: 15-69 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) айдың ең басында болуы мүмкін. Жаңбыр, найзағай, желдің 15-20 м/с күшеюі әр онкүндіктің ортасында күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің ортасында болжанады.



Алматы облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+0,5+14,8^{\circ}\text{C}$, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $-1,0+13,3^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде $-7-12^{\circ}\text{C}$ -тан $+1+6^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде және таулы аудандарында -15°C -тан -2°C -қа дейін, күндіз $0,+5^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде және таулы аудандарында -3°C -тан $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарлауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+8+13^{\circ}\text{C}$, күндіз $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде түнде $+18^{\circ}\text{C}$, күндіз $+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін әрі қарай жоғарылауы күтілуде. Одан кейін ауа температурасы түнде $+3+8^{\circ}\text{C}$, күндіз $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде және таулы аудандарында түнде -2°C , күндіз $+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді. Онкүндіктің соңында ауа температурасы жоғарылайды.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+12+17^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде және таулы аудандарында $+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+23+28^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Одан кейін ауа температурасы түнде $+3+8^{\circ}\text{C}$, күндіз $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде және таулы аудандарында түнде 0°C , күндіз $+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың солтүстік бөлігінде нормадан аз, ал облыстың оңтүстігінде норма шамасында күтіледі (норма: 11-157 мм).

Қар айдың басында күтіледі. Жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің басында және соңында болжанады. Тұман бірінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында болуы мүмкін. Желдің 15-20 м/с күшеюі бір ай ішінде жиі күтіледі.



Жетісу облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+8,0+15,3^{\circ}\text{C}$, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $+6,5+13,8^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде $-7-12^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде және таулы аудандарында 17°C -тан $0,+5^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $0,+5^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде және таулы аудандарында -4°C -тан $+10+15^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарлауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+12+17^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде және таулы аудандарында $+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+22+27^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін әрі қарай жоғарылауы күтілуде. Одан кейін ауа температурасы түнде $+3+8^{\circ}\text{C}$, күндіз $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде -3°C , күндіз $+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді. Онкүндіктің соңында ауа температурасы жоғарылайды.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+15+20^{\circ}\text{C}$, облыстың таулы аудандарында $+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+24+29^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Одан кейін ауа температурасы түнде $+6+11^{\circ}\text{C}$, күндіз $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде 0°C , күндіз $+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормадан аз, ал облыстың оңтүстік-шығысында норма шамасында күтіледі (норма: 7-91 мм).

Қар айдың басында күтіледі. Жаңбыр бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің ортасында және үшінші онкүндікте болжанады. Тұман бірінші онкүндіктің соңында, найзағай айдың ортасында және соңында, шаңды дауыл үшінші онкүндіктің ортасында болуы мүмкін. Желдің 15-20 м/с күшеюі бір ай ішінде жиі күтіледі.



Қазақстан Республикасы
Астана қ-сы
Мәңгілік Ел к-сі 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
udpp@meteo.kz



Республика Казакстан
г. Астана
ул. Мәңгілік Ел 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
udpp@meteo.kz